



**«АСТАНА» ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҚАРЖЫ ОРТАЛЫҒЫНЫҢ
ҰСАҚ ДАУЛАР СОТЫ**

25 сәуір 2019 жыл

№: AIFC-C/SCC/2019/0001 IC

AURORA AG LIMITED

Талапкер

«STAR ASIAN MINING COMPANY (СТАР АЗИАН МАЙНИНГ КОМПАНИЯ)» ЖШС-на

қарсы

Жауапкер

СОТ ҚАУЛЫСЫ

Судья:

Судья Том Монтагю-Смит QC



БҰЙРЫҚ

1. Сот Жауапкердің Талапкерге 44 885 081,15 теңге мөлшеріндегі ақшалай соманы немесе оның төлем жасалған күнгі АҚШ долларындағы баламасын 2019 жылғы 20 мамырдағы сағат 16:00-ге дейін төлеуін қаулы етеді.

ШЕШІМ

1. Талапкер тараптар 2018 жылғы 17 шілдеде жасасқан шарттың («Шарт») шеңберінде оған тиесілі болып табылатын ақшалай сомалардың төленуін талап етіп Сотқа жүгінді. Шарттың ережелеріне сәйкес, Талапкер өзіне Жауапкер үшін Шығыс Қазақстан облысында жерүсті геофизикалық жұмыстарын орындау бойынша міндеттемелер алған. Талапкердің ұстанымы – жоғарыда аталған жұмыстарды Талапкер орындады, ал Жауапкер олар үшін төлем жүргізген жоқ.
2. Шарттың 11.5 тармағымен келесі қарастырылған:

«Тараптар арасында туындауы мүмкін таластар мен келіспеушіліктер келіссөздер жолымен шешілетін болады. Реттелмеген таластар «Астана» халықаралық қаржы орталығының Сотында шешілетін болады».
3. «Астана» халықаралық қаржы орталығы туралы» Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 7 желтоқсандағы № 438-V Конституциялық заңының (өзгерістермен және толықтырулармен) 13-бабы 13-тармағының 4 және 3-тармақшаларына сәйкес, АХҚО Соты

«...АХҚО Сотына тараптардың келісімімен берілген таластарға» қатысты юрисдикцияға ие.
4. Демек, Сот бұл талап арызды қарау юрисдикциясына ие.
5. Талапкердің қуынымының пәні Шартпен қарастырылған 2 137 382,91 теңге мөлшеріндегі пайыздармен қоса 38 167 552 теңге + ҚҚС = 42 747 658,24 теңге мөлшеріндегі ақшалай сома болып табылады. Сұратылып отырған ақшалай соманың баламасы шамамен 110 000 АҚШ доллары + пайыздарды құрайды. Демек, АХҚО Соты Қағидаларының («Қағидалар») 28.2(1) тармағына сәйкес, бұл қуыным Ұсақ даулар сотында қарала алады.
6. Талапкер осы сот талқылауын 2019 жылғы 19 наурыздағы Талап арызын ұсыну жолымен бастады. Қағидалардың 28.11-тармағына сәйкес, АХҚО Сотының Аппараты Талап арызын Жауапкерге табыстау бойынша әрекет етті. 2019 жылғы 19 наурызда Талап арызы мен қоса берілген құжаттар Жауапкердің заңды мекенжайы бойынша кеңсеге жеткізілді. Алайда, ол уақытта бұл мекенжай бойынша үшінші тұлға қызметін жүзеге асырып жатқан болып шықты. Дәл сол күні құжаттар Сотқа Талапкер ұсынған электрондық поштаның екі мекенжайы бойынша салынып жіберілді: gokhanefe.dogu@starasiamining.com және gokhanefedogu@gmail.com. Электрондық хаттың оқылғандығы туралы растама 2019 жылғы 20 наурызда электрондық поштаның бірінші мекенжайынан алынды. Демек, мен талап арызы мен қоса берілген құжаттар Жауапкердің назарына жеткізілді және қалай болған жағдайда да Қағидалардың 5.3 және 5.6(1) тармақтарына сәйкес Жауапкерге табысталды деп қанағаттандықпен атап өтемін.

7. Жауапкер бұл қуыным бойынша наразылық берген жоқ. Қағидалардың Соттың сырттай шешім беруін реттейтін тармақтары Ұсақ даулар сотында қаралатын қуынымдарға таралмайды: Қағидалардың 28.7 тармағы. Демек, осы қуынымның шеңберінде мен шешімді мәні бойынша шығаруға тиіспін.
8. Талап арызы Талапкердің заңгері Әзімқали Әсия ханым қол қойған мәліметтердің шынайылығы туралы мәлімдемемен расталған. Талап арызына Шарттың, шот-фактураның, «Орындалған жұмыстар, көрсетілген қызметтер актісі» деп аталатын құжаттың, сонымен қатар қатынасхаттардың көшірмелері қоса берілген. Құжаттар орыс және ағылшын тілдерінде берілген.
9. 2019 жылғы 3 сәуірде Сот тараптар 2019 жылғы 10 сәуірге дейін Сотқа және екінші тарапқа олар сілтеме жасауға ниетті болған кез келген қосымша дәлелдерді, тыңдау өткізу туралы сұранымды көрсетумен қоса (ол бар болған жағдайда) ұсынулары және тапсырулары тиіс деп қаулы етті. Сонымен қатар Талапкерге қуыным сомасын есептеуге қатысты әртүрлі тармақтарға түсіндірулер беру бойынша талаптар қойылған болатын.
10. 2019 жылғы 10 сәуірде Талапкер Соттың жоғарыда аталған нұсқаулары бойынша жауап хат ұсынды. Бұл хатта Талапкер қуынымның Қағидалардың 28.39 тармағына сәйкес тыңдау өткізілмей шешілетіндігіне қанағаттанатындығын растады. 2019 жылғы 22 сәуірде Талапкер мәліметтердің шынайылығы туралы Әзімқали ханым қол қойған мәлімдемемен расталған хаттың кейінгі көшірмесін ұсынды. Жауапкер Соттың нұсқаулары бойынша жауап ұсынған жоқ.
11. Жауапкер осы уақытқа дейін бұл талқылауға қатыспағандықтан, дәлелдердің қайшылығы жоқ. Талапкер ол сүйенетін барлық дәлелдерді Сотқа берді және қуынымды тыңдау өткізусіз шешуді сұрады. Демек, тыңдау өткізу бұл істің шешілуін тек баяулатады. Мән-жайларды ескере отырып, мен Қағидалардың 28.39 тармағына сәйкес осы қуыным бойынша шешімді тыңдау өткізусіз шығарамын.
12. Тараптар Шартты 2018 жылғы 17 шілдеде жасасқан. Төменде мен Шарттың ережелерін жалпы шолуды келтіремін:
 - a. 1-тармаққа сәйкес, Талапкер өзіне Шартқа 1-қосымшаға сәйкес геофизикалық жұмыстарды жүзеге асыру бойынша міндеттемелер алды. Жұмыстарды орындау мерзімі – 2018 жылғы 30 қазан;
 - b. 2-тармаққа сәйкес, Жауапкер төлеуі тиіс ақшалай сома ҚҚС-ты қоса 49 236 992,00 теңге құрады;
 - c. 2.4 тармаққа сәйкес, Жауапкердің жұмыстардың көлемін Шарттың шеңберінде азайтуға және төлемді тек іс жүзінде орындалған жұмыстар үшін жасауға құқығы бар болды;

- d. 3-тармақпен Жауапкердің есеп айырысуларды келесі түрде жүргізу міндеті қарастырылған:
 - i. 40% Шарт жасасқан күннен кейін 15 күннен кешіктірілмей төленуі тиіс болатын;
 - ii. 40% жұмыстарды аяқтау фактісі бойынша төленуі тиіс болатын; және
 - iii. 20% Орындалған жұмыстар (көрсетілген қызметтер) актісіне қол қойылып, Талапкер орындалған жұмыстар туралы есепті бергеннен кейін 5 жұмыс күні ішінде төленуі тиіс болатын.
 - e. 5-тармақпен Талапкер Орындалған жұмыстар (көрсетілген қызметтер) актісін оның шеңберінде беруі тиіс болған механизм қарастырылған. Жауапкер бұдан әрі не бұл құжатқа қол қоюға, не болмаса табылған ақаулықтар туралы Талапкерге хабарлауға міндеттенді.
 - f. 6.6 тармақпен Шарт шеңберінде тиесілі болып табылатын сомалардың уақтылы емес төленгендігі үшін уақтылы емес төленген соманың 0.05%-ы, бірақ уақтылы емес төленген соманың 5%-ынан аспайтын мөлшерде өсімпұл қарастырылды.
 - g. 11.6 тармаққа сәйкес, Шарт бойынша қолданылатын құқық АХҚО заңнамасы болып табылады.
13. Әзімқали ханым ұсынған дәлелдерге сәйкес, Талапкер Геофизикалық жұмыстарды Шарттың тармақтарына сәйкес орындады. Талапкердің қатынасхаттарына сәйкес, жұмыстар 2018 жылғы 15 тамызды қоса алғандағы уақытқа дейін орындалған.
14. 2018 жылғы 29 қарашада Талапкер Жауапкерге шот-фактураны Орындалған жұмыстар (көрсетілген қызметтер) актісімен қоса ұсынды. Бұл құжаттарға сәйкес, орындалған жұмыстар үшін баға 42 747 658,24 теңге құрады.
15. Қуынымның сомасы Шарттың 49 236 992 теңге құрайтын бағасынан аз. Әзімқали ханым ұсынған дәлелдерге сәйкес, қуынымның сомасы орындалған жұмыстардың бағасы болып табылады. Мен 2.4 тармаққа сәйкес Шарттың бағасын бір мезгілде азайтумен Шартқа 1-қосымшадағы жұмыстардың көлемі қысқартылған деп қорытынды жасаймын.
16. Шарттың 3.1 тармағына сәйкес, 40% мөлшеріндегі бірінші траншты төлеу Шартты жасасқан күннен кейін 15 күннен кешіктірілмей жүргізілуі тиіс болатын, ал 40% мөлшеріндегі екінші траншты төлеу жұмыстарды аяқтағаннан кейін жүргізілуі тиіс болатын. 20% мөлшеріндегі соңғы транш Орындалған жұмыстар (көрсетілген қызметтер) актісіне қол қойылып, Талапкер орындалған жұмыстар туралы есепті бергеннен кейін 5 жұмыс күні ішінде төленуі тиіс болатын: 3.1.1. тармақ.

17. Маған Орындалған жұмыстар (көрсетілген қызметтер) актісінің көшірмесі ұсынылды. Маған «орындалған жұмыстар туралы есеп» деп аталатын қандай да болмасын құжат ұсынылған жоқ. Мұндай құжатты ұсыну Шарттың шеңберінде орындалған жұмыстардың құрамдас бөлігі болып табылды деуге жол беріледі. Жұмыстардың Шартқа 1-қосымшамен қарастырылған көлемінде Талапкердің әртүрлі есептер беру міндеттемесі қарастырылды. Әзімқали ханым ұсынған дәлелдерге сәйкес, Орындалған жұмыстар (көрсетілген қызметтер) актісіне Жауапкер атынан қол қойылған. Бұл құжатқа сәйкес, жұмыстардың сомасы 42 747 658,24 теңге мөлшерінде тіркелген. Егер 3.1.1. тармақта аталған есеп жұмыстардың бөлігін құраған болса, бұл жағдайда мұндай есептің ұсынылуын Жауапкер мойындаған деп саналады.
18. Тіпті үшінші траншты төлеу қажеттігі үшін қандай да бір қосымша оқиға орын алуы тиіс болған жағдайда да, Әзімқали ханым қуынымның сомасы шынында да төлеуге жататындығын Жауапкер Талапкермен талқылаулардың шеңберінде мойындады, алайда Жауапкер оны ерікті түрде төлеуден бас тартады деп мәлімдейді және мен бұнымен келісемін. Қалай болғанда да, Жауапкер қуыным бойынша наразылықтар берген жоқ және Шарт бойынша қандай да болмасын кезең орындалған жоқ жеп мәлімдемейді.
19. Мән-жайларды ескере отырып, мен Жауапкер Талапкерге төлеуі тиіс сома 42 747 658,24 теңге құрайтындығымен келісемін.
20. Талапкер сонымен қатар Шарттың 6.6 тармағына сәйкес 2 137 382,91 теңге мөлшеріндегі қосымша соманы төлеуді талап етеді. Бұл тармақ уақтылы емес төленген соманың 0.05%-ы, бірақ уақтылы емес төленген соманың 5%-ынан аспайтын мөлшерде «өсімпұл» деп аталатынды төлеу міндеттемесін қарастырады. Сонымен, осы тармақтың шеңберінде талап етуге жататын барынша көп сома борыш туындаған мезеттен бастап 100 күн өткеннен кейін есептеледі.
21. Шартқа 2018 жылғы шілдеде қол қойылған, ал жұмыстар 2018 жылғы тамызда аяқталды. Шарт бағасының 80%-ы мөлшеріндегі алғашқы екі транш 100 күн бұрыннан көп ертерек төлеуге жатқан. Соңғы шот-фактура мен Орындалған жұмыстар (көрсетілген қызметтер) актісі Жауапкерге 2019 жылғы 29 қарашаны қоса алғандағы уақытқа дейін берілген. Үшінші транш Шарт бойынша төлеуге жатады деп саналуы үшін тағы қандай да болмасын оқиға орын алуы тиістігі туралы қандай да болмасын мәлімдеме жасалған жоқ және, мен бұдан бұрын айтып өткенімдей, Жауапкер өзінің төлем бойынша міндеттемелерін мойындайды. «Орындалған жұмыстар туралы есептің» Шарт бойынша орындалған жұмыстардың шеңберінде немесе одан бұрын берілгендігіне қарамастан, борыш 2018 жылғы 29 қарашаны қоса алған уақыттан бастап толық мөлшерінде төлеуге жатқандығы маған мүмкін болып көрінеді.
22. Демек, 6.6 тармақтың шеңберінде тиесілі болып табылатын 5% мөлшердегі барынша көп қосымша сома барлық борышқа қатысты, 2 137 382,91 теңге мөлшерінде төлеуге жатады. Тағы қандай да болмасын пайыздар есептеуді тараптар қандай да болмасын заңнаманың шеңберінде сұраған жоқ.



23. Сонымен, мен Талапкердің 6.6 тармақ шеңберінде тиесілі болып табылатын «өсімпұлды» қоса, шарт шеңберінде 44 885 081,15 теңге мөлшеріндегі толық сомаға қатысты талап ету құқығы бар деп қаулы етемін.

Сотпен шығарылды,

Тараптардың өкілдері:

Талапкердің мүдделерін білдірген заңгер Әзімқали Әсия ханым, Aurora AG Limited.

Жауапкердің мүдделері білдірілген жоқ.